

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1141 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында:

06 "Жалпы кадрлық мәселелер" ішкі функциясында:

608 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі" әкімшісі
б о й ы н ш а :

001 "Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"
б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

001 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасындағы "53485" деген сандар "57730" деген сандармен ауыстырылсын;

002 "Аумақтық органдардың аппараты" кіші бағдарламасындағы "168979" деген сандар "164734" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 377-қосымшада :

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 6-тармақ к е с т е с і н і ң 5 - б а ғ а н ы н д а :

реттік нөмірі 2-жолдағы "44 бірлік, 1 ксерокс және 2 факс көлемінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің орталық аппаратын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің саны 49 бірлік, оның ішінде тәртіптік кеңестермен жұмыс жөніндегі бөлімді ұстауға штат саны 5 бірлік орталық аппаратын, 1 ксерокс және 2 факс" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "120 бірлік", "; саны 105 бірлік Тәртіптік кеңес хатшылықтарының қызметін қамтамасыз ету" деген сөздер тиісінше "204 бірлік", ", оның ішінде штат саны 84 бірлік Тәртіптік кеңес хатшылықтарының қызметін қамтамасыз ету" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК